

«ҚЫЗҒАЛДАҚТАР» қыздар үйымының бағдарламасы

Бүгінгі куні отбасылық құндылықтар аса көп өзгерістерге ұшырап, отбасы қарым-қатынасының бұзылуы жсі орын алада. Қыздардың өз әйел табигатына тән қасиеттерін сақтап, өз орынын таба білуіне жардем беру, сырласу алға қойылған жөн.

Мақсаты: Мектептегі әрбір қыз баланы, ибалылық сақтауга баулу, адамгершілік, имандылық, эстетикалық тәрбие беру.

Қыз балаларды тәрбиелеудің маңызы оларды қоршаған өмір, түрлі жынысты адамдар арасындағы өзара қатынас барысында, осы қатынастардың нормалары болып табылады. Қыз балалардың мінез-құлқын тәрбиелеу бойынша жұмыс оларды нәзіктікке баулу, отбасындағы алатын орны, ептілік пен шеберлік қалыптастыру, сондай-ақ қыздардың сұлулық, махаббат, жақсы қарым-қатынастар сияқты ұғымдармен таныстырудың бағытталған. Гигиеналық жағынан қыз балаларға жыныстық жетілу кезеңінде өздерінде болып жатқан физиологиялық және психоэмоционалдық өзгерістерді түсіндіріп, жеткізе білу. Бұл қыз балалардың қамқорлық, ниет білдіру, жсан жылулығы, аяуышылық, білдіруге тән белгілі бір сезімдерді бастаң кешіруіне жағдай жасауға байланысты ұйымдастырылуда. Тек қана рухани тұрғыдан емес қыздарымызды ұлттық күй үлгісін және шаш өргүгө үйрету ескеріледі.

Оқыт-үйрену процесінің ерекшелігін және курделілігін ескере отырып, қыз балалар тәрбиесінің табысты болуына тәмендегідей қолайлар жасау барысында жағдайлар ескерілмек:

- Мектептегі жаймашуақ орта;
- Мұғалімдер, сынып жетекшілері тарапынан тәрбиленуші қыздарға құрмет пен сенім;
- Әрбір оқушы қыз баланың мүдделеріне көніл қою;
- Айналадагы адамдардың мүдделерін есепке алып, балалардың өзіндік пікірін айтуга қолдау көрсету;
- Мәселелерді шешу барысында тәсілдер табу бойынша жеке мысалдарды өзіндік пікірін айтуга қолдау көрсету.

Мектепте қыз балалардың тәрбиесіне, оларда заман талабына сай әйел идеалын қалыптастырудың және мінез-құлқын критерийлерін нақты айқындауда ерекше көңіл аудару қажет.

«ҚЫЗҒАЛДАҚТАР» қыздар үйымының мүшелері:

- | | |
|------------------------|-----------------------|
| 1.Изтурганова Айгерим | 6. Тюмалиева Нурай |
| 2. Рахманова Нұрай | 7. Қалыбекқызы Аяулым |
| 3. Саламатқызы Гулдана | 8. Тулеген Анерль |
| 4. Доспанова Арай | 9. Хамитова Айсауле |
| 5.Бәйтім Айару | 10. Жамекеш Айкөркем |

«Қызғалдақтар» қыздар үйымының жетекшісі:Махмутова Самал Тулениевна



Мекінен директоры:

А.А. Султанова

«ҚЫЗГАЛДАҚТАР» қыздар үйімінің 2023 - 2024 оку жылына арналған жүргізілетін жұмыс жоспары

P/c	Мерзімі	Жұмыстың мазмұны	Жүргізілетін жұмыстар түрі	Жауапты
1	Әр тоқсан сайын	<p>Кыздар үйімінің жиналышын өткізу</p> <ul style="list-style-type: none"> «Қызгальдақтар» қыздар үйімінің жұмыс жоспарымен таныстыру, бекіту . Бойжеткен ережелерімен таныстыру 	Жиналыш, семинар, тренинг	ДТІЖО Кыздар кеңесі Психолог тәлімгер
2	Қазан	«Бүгінгі бойжеткен, ертеңгі асыл жар»	баяндама	Кыздар кеңесі Психолог тәлімгер
3	Қараша	«Ерте жүктіліктің алдын - алу»	Кездесу жиналыш	ДТІЖО Кыздар кеңесі Медбике Психолог тәлімгер
4	Желтоқсан	«Кызы қылышымен...».	пікір алмасу	Кыздар кеңесі, мүшеселері
5	Қаңтар	«Ақтарлы, сұлу, гақсан тым қыздары қандай қазақтың»	сынып сабакты	ДТІЖО, Сынып жетекші
6	Ақпан	«Әдептен озбайық»	тренинг	Кыздар кеңесі, мүшеселері Психолог
7	Наурыз	«Кызы еркем – анасымен көркем»	аналардың қыздармен әңгімесі (кездесу)	ДТІЖО Кыздар кеңесі, мүшеселері Тәлімгер
8	Сәуір	Атырау қалалық Жастар ресурстық орталығымен біріккен «Қызы тәрбиесі - ұлт болашагы» семинар – тренинг	семинар - тренинг	ДТІЖО Кыздар кеңесі, мүшеселері Психолог
9		«Әсемдік әркімге жарасады» ұлттық күйдер үлгісі	Сыныптар арасындағы сайыс	ДТІЖО Кыздар кеңесі, мүшеселері Тәлімгер
9	Мамыр	<p>«Озар елдің қызы мінезді келеді» пікір алмасу .</p> <ul style="list-style-type: none"> «Қызгальдақтар» қыздар кеңесінің жылдық қорытынды отырысы 	пікір алмасу кеші	ДТІЖО Кыздар кеңесі, Психолог, Тәлімгер

Ә. Жанғелдин атындағы орта мектеп

Біле жүріңіз!

Кыз балаларға кеңес

Мектеп әкімшілігі

*Атырау қаласы
2023-2024 оку жылы*

Такырыбы: «Біле жүріңіз!» (қыздарға кенес)

Мақсаты: қыз балалардың тәрбиесі жоғары болуы үшін салмақты, инабатты, мәдениетті қыз баланы тәрбиелуе мақсатында қыздарға бірнеше кенес ұсыну.

Көрнекілігі: слайд және бейнебаян

Ұйымдастырылуы.

Жүргу барысы:

1.Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары әңгіме сағатының мақсатын, маңызын түсіндіре отырып, шараны ашады.

2.Мектеп тәлімгері 40 түрлі кеңесті қыз балаларға оқып береді.

3. Шараға қатысушы оқушылардың кеңестер жөніндегі ой-пікірлері ортаға салынады, түсінбегені бойынша сұрақтар тасталады.

4. 40 кеңестің әр қайсысының мағынасын ашып, түсінік жұмысы жүргізіледі.

Тәлімгер:

Сәлеметсіздер ме, оқушылар, «Біле жүріңіз!» атты қыздарға кенесіміздің мақсаты сіздердің бойларыныңға қыз балаға тән жақсы қасиеттерді толықтырып, жаман қасиеттерден аулақ қылу.

Ендеше, мұқият тындасаныздар және ой-пікірлеріңді бізben бөліссеңіздер.

1. Өз-өзіңізді жақсы көріңіз. Сонда өмір сүру әлдеқайда жеңіл болады.

2. Бірге жүрген қыздардың бәрі әрқашан қасыныздан табыла бермейтінін ұмытпаңыз.

3. Егер шынайы дос тапсаңыз, қандай қашықтықта болса да, достық қарым-қатынасыныңды үзбеніз.

4. Дүниеге қызықпаңыз, ол сізді бақытты етпейді.

5. Қандай жағдайға кезіксеніз де, ешкімді кінәламаңыз, қатені алдымен өзіңізден ізденіз.

6. Әжеңізben жиі уақыт өткізіңіз, ол сізге көп нәрсе үйретеді.

7. Есте сақтаңыз: белгілі бір мәселеге тіреліп, өмір тоқтап қалмайды. Өйткені жаңбырдан кейін де күн шығады.

8. Барлық нәрсеге шайқаса берудің қажеті жоқ.

9. Өзіңізді өзгелермен салыстырманыңыз, ол сіз секілді ешқашан бола алмайды.

10. Сезіміңіз соншалықты берік болса да, махабbatқа қатты берілменіз. Себебі сіз өз-өзіңізді жоғалтып алуының мүмкін.

11. Әдемі әрі сауатты сөйлеп үйреніңіз, ол сізге өмірде міндетті түрде көмектеседі.

12. «Жоқ» деп айтудан қорықпаңыз, оның да пайдасы бар.

13. Өмір тек бір-ақ рет беріледі. Сондықтан оны өкінбейтіндей етіп сүруге тырысыныңыз.

14. Жігіттердің артынан жүгірменіз, керісінше олар сіздің артыңыздан жүгіруі керек.
15. Жақсы сөз – жарым ырыс екенін естен шығарманыз. Оны айтып та, қабылдалап та үйреніңіз.
16. Өзгелердің де, өзініздің де алдыңызда адал болыңыз.
17. Жалғыздықтан қорықпаңыз. Ол өздігінізден дамуға көмектеседі.
18. Өз сезіміңізді жеткізуден қорықпаңыз.
19. Дауласқыңыз келсе дауласыңыз, бірақ 8-ереже есте болсын.
20. Білім – керемет күш. Жан-жақты болу үшін әртүрлі кітап оқыңыз.
21. Егер жігітіңіздің үйінде бірде-бір кітап болмаса, теріс айналып кете беріңіз.
22. Өзінізді қандай жағдайда да алып шығуыңыз керек.
22. Қателіктерден сабак алатыныңызды ұмытпағайсыз.
23. Күніне бір рет болса да айналаныңыздағы адамдарға жақсылық жасауға тырысыңыз.
24. Тәрбиелі жанұядан шыққаныңызды көрсетіңіз. Сонда сіз жайлы тек керемет пікірлер айтылатын болады.
25. Тек үлкендермен ғана емес, өзініздің қатарластарыныңызben және жасы кіші адамдармен де сыпай болыңыз.
26. Сіздің сөздеріңізден гөрі істеріңіз сіз жайлы көп нәрсеге көз жеткіzetінін біліп жүріңіз.
27. Сезіміңізді жасырып емес, айтып біліңіз.
28. Қарапайым заттардың өзінен көркемдік көруге тырысыңыз.
29. Теріңізге жас кезініңден абай болыңыз. Күнге қарсы иісмайлар пайдаланыңыз.
30. Сізді жақсы көретін жандармен жақын болыңыз.
31. Қандай киыншылыққа кез болсаңыз да, енсенізді түсірмей, басыңызды тік көтеріп жүріңіз.
32. Өзініздің көз жасыңыздан қорықпаңыз. Өйткені одан жаңа күш, серпіліс таба аласыз.
33. Күлкі – жаныңызга да, дененізге де ем.
34. Сөзбен жұбата да, жылата да аласыз. Сондықтан сейлемес бұрын ой сүзгісінен өткізіңіз.
35. Кешірім сұрау кішіліктің емес, кісіліктің белгісі.
36. Алға қойған мақсатқа жету үшін талмай еңбектенуініз керек.
37. Өз-өзініңізді қамтамасыз етіп үйреніңіз.
38. Өзініздің бағаңызды ешқашан түсірменіз.
39. Сіз өзіңіз ойлағаннан да жоғарысыз.

40. Өмір дегеніміз – бүгінгі күн. Кешегі де емес, ертеңгі де емес. Бүгінгі күнмен өмір сүріп, бақытты болыңыз.

Тәлімгер: Құрметті қыздар біз сіздердің әрқайсыныңдың бойларыныңдан осындай жақсы қасиеттерді көреміз деп сенім білдіреміз. Ендеше, қыздар, ойларыныңды, пікірлеріңізді, көкейлеріңізге түйгендеріңізді айтсаңыздар.

(окушылар өз ойларын ортаға салады)

Корытынды:

Ертеңгі ана, бүгінгі қыздарымыңды тәрбиелеу аナンЫң және барша қауымның міндеті. Халқымыз «Қызыға қырық үйден тыю, қала берсе қара күннен тыю» деген мақалға қаншама философиялық ой сыйғызған. Яғни қыз бала тәрбиесіне тек қана анасы ғана жауапты емес, бүкіл ауыл, ру жауапты болып отыр. Қыз баланы құрметтеу, олардың алдында дөрекі сөйлемей, ізетті болу — халқымыңдың игі дәстүрлерінің бірі. Ал, қазіргі заманда бала тәрбиесіне тек қана ана емес, радио мен теледидар, газет-журнал, кітаптар мен кинолар, барлар мен дискотекалар жан-жақты әсер етіп, оны тәрбиелеуде. Бұл тәрбиенің жағымды жақтары да, жағымсыз жақтары да толып жатыр. Ата-аналары күн ұзақ жұмыста, бала тәрбиесіне бөлінетін уақыт күннен-күнге азайып барады. Сондықтан қыздарымыз өзімен-өзі қалып бара жатқан жайы бар.

Мектеп жасындағы қыз балалар тәрбиесін негізінен үш кезеңге бөлуге болады. Бастауыш сыныптар кезеңіндегі тәрбиенің мақсаты тазалыққа, ұқыптылыққа, жинақылыққа үйрете отырып, баланың көп білуге құштарлығын арттыру, кітап оку мәдениетін дамыту. Бесінші-сегізінші сыныптар арасында алғашқы кезеңдегі тәрбие түрлері ары қарай дамытыла түседі. Бұл тұста, жас ерекшелігіне қарай, қыз бала анасынан ешиарсе бүкпейді. Қит еткен нәрсенің бәрін айтып келеді. Сол шынышылдығы мен ашықтығын пайдаланып, қыз баланың келешегіне ең керекті нәзіктік, ілтиппаттылық, ұлкенді сыйлау, кішіге қамқор болу, тұрақтылық сияқты мінездерді қалыптастыру-басты борыш. Сонда бұл сипаттар келешекте жарасымды жар, аяулы ана, қогамымыңдың белсенді мүшесі болатын қыз баланың бойынан әрқашан нұр болып төгіледі. Үшінші кезең тоғызыншы-он бірінші сыныптарды қамтиды. Бұл аралықтағы тәрбие алдынғы кезеңдермен тығыз байланысты. Адамға деген мейірім бала кезден, ең жақын адамын сұюден басталады. Сондықтан әрбір қыз балаға ата-анасын, туыстарын, ұстазын сыйлап, қадірлей білуді үйретсе, болашақта одан елін, жерін, халқын сүйетін, өз шаңырағын ардақтайтын, балаларын жанындај жақсы көретін қамқор ана, қайратты жан, нәзік ару шығары сөзсіз.

Ә.Жангелдин орта мектеп КММ ШШКІ ТӘРТІП ЕРЕЖЕСІ

Мектепте оқу үрдісінің ұйымдастыру тәртібі

1. Мектеп сабактары мектеп директоры бекіткен кестеге сәйкес жүргізіледі.
2. Сабак ұзақтығы 45 минут.
3. Конырау ұзақтығы санитарлық нормаға сәйкес мектеп директоры бүйрығымен анықталады.
4. Конырау бойынша окушылар сабакқа кіріп, дайындалады.
5. Мектепте сабактар 8 сағат 00 минуттан басталады.
6. Конырау кестесі

Мектептегі оқушылардың сабактарға қатысуы және сыртқы келбетке қойылған талаптар

1. Оқушы жолдан абайлас өтіп, жол журу ережелерін ұстануы қажет.
2. Қоғамдық көліктे оқушы тәртіп ережелерін және тиісінше қауіпсіздік шарасын сақтауы қажет.
3. Оқушы мектепке сабак басталуына 15-20 минут қалғанда келіп, таза әрі ұқыпты киіну тиіс.
4. Сыртқы киімді оқушылар гардеробта шешеді.
5. Сыртқы киімнің қалталарында ақша, кілттер, жол журу билеттері, басқа да құнды заттардың болуына тыбым салынған.
6. Оқушы мектепте ұқыпты және шамданбаған шаш үлгісін ұстанып, өзімен таза қол орамалы мен тарақ болуы қажет.
7. Оқушы жеке гигиенаны сақтауы қажет. Оқушы сыр келбеті жайында гардеробтан шыққан кезде кезекші мұғалім немесе әкімші бағалап, нағыз ережелерге сәйкес талаптар қояды.
8. Сабактан қалып қойған оқушыларды кезекші әкімші немесе мұғалім тіркеп, күнделікке қалып қойғаны жайында жазады. Қалып қойған оқушылар тек кезекші әкімшінің рұқсатымен ғана сабакқа кіре алады.
9. Жүйелі түрде сабактан қалатын оқушылар мектеп әкімшілігіне түсіндіру үшін шақырылады.
10. Оқушыларды сабактан жіберу мек мұғалімнің келісімімен мектеп директоры немесе кезекші мұғалімінің бүйрығымен жүзеге асырылады.
11. Оқушылардың оқу кезінде мектептен шығуы тек сынып жетекшінің немесе кезекші әкімшінің жазба рұқсатымен жүзеге асырылады.
12. Бөтен тұлғалардың мектепте болуы тек мектеп күзеті мен кезекші әкімшінің рұқсатымен ғана бола алады.
13. Сыныптан тыс шаралар жоспарланбаса, сабактар аяқталған кезде оқушылар 20 минуттан кейін мектептен кетулері тиіс.
14. Оқушы сабактан қалса, сынып жетекшіге медициналық анықтама немесе ата-анасының түсініктемесін тапсыруы қажет.
15. Оқушы себепсіз 3 күн сабакта болмаса, онда ол тек мектеп директоры атына ата-анасының жазба түсініктемесі негізінде ғана сабакқа келе алады.
16. Егер де мұғаліммен басқа келісімі болмаса оқушы босатқан сабактарды барлығын бір аптаның ішінде өздігінен меңгеруіне жауапты.
17. Оқушы сабакты босатса да мұғалімге босатқан сабакының есебін тапсырады және үй жұмысын орындаиды.
18. Оқушыны сабактан босату үшін ата-ананың бірі мектеп директоры атына (3 күннен кем емес) өтініш білдіру қажет. Осы кезде сабактан қалған уақытты компенсациялау қажет, ол не өздік жұмысын жасап, не болмаса мұғаліммен ғана уақыттан бүрын немесе одан кейін қосымша сабакқа баруы тиіс. Босатқан сабактар үшін оқушы тиісінше бақылау жұмыстарын орындаиды.

Оқушылардың сабақтағы тәртібі

Оқушылар міндетті түрде сабаққа үй тапсырмасын орындаپ алғып келеді.

Мұғалім сыныпқа кірген уақытта оқушылар тұрып амандасады.

Мұғалім оқушыны жауап беруге шақырған кезде, ол тақта алдына шығып, баға қою үшін үгалім алдына құнделігін беруі міндетті.

Мұғалім ғана орнынан тұрмай жауап беруге рұқсатын бере алады.

Оқушы жауап берген кезде қатты дауысын шығарып, түсінікті, асықпай, өз ойын дұрыс еткізуіне тырысуы қажет.

1. Сабак кезінде көшіру және сыйырлар айтуға болмайды, ол оқу материалын дұрыс лектеруіне бөгет болады.

7. Жауап беремін деген оқушылар қолын көтерулері міндетті. Басқа қылыштармен өзіне назар аудартуға болмайды.

8. Оқушылар мұғалімнің түсіндіргенін және жолдастарының жауаптарын мұқият тыңдал, шуламай, сейлемей, басқа нәрселермен айналыспай, бөгет жасамаулары тиіс.

9. Сабак барысын бұзған әрекет дөрекі тәртіп бұзушылыққа жатады. Оған кінәлілер мектеп әкімшілігі тарағынан тәртіптік жазаға ұшырайды.

10. Өз әркітімен сабаққа бөгет жасайтын оқушыны мұғалім сәйкесінше жұмыс өткізу үшін кезекші әкімшіге жібереді. Мектеп әкімшілігіне міндетті түрде барулары тиіс.

11. Оқушылар мұғалім ескерту жасағанда уақытылы және тәнік әсер етуі қажет.

12. Сабактан өз еркімен кетуге тыбым салынған. Сыныптан шығуға тек қана мұғалім рұқсат бере алады, оның өзі сабак басталғаннан кейін 20 минут өткен соң, бірақ қонырауға бес минут калғанда емес.

13. Оқушылар белгіленген кабинеттерде Еңбек қорғау ережелерін біліп, сақтаулары тиіс.

14. Оқушылар тапсырмаларды құнделіктеріне толық әрі түсінікті етіп жазуулары тиіс.

15. Өз деңсаулығын сақтау мақсатында партадағы өзінің отырысына, бас еңкішіне назар аударуы тиіс.

16. Ауыздагы сағыз – дөрекі әдеттің белгісі, сабак кезінде оны қолдануға болмайды.

17. Сабак аяқталғаны туралы қонырау мұғалім үшін арналған. Тек мұғалім ғана сабақтың аяқталуы жайында хабарлап, сынныптан кетуге рұқсат бере алады. Сыныптан кеткен кезде өзінен кейін оку орнын ретіне келтіреді.

Оқушылардың қоныраудағы тәртібі

1. Кабинетті желдету үшін оқушылар үзіліс кезінде дәлізге шығулары тиіс.

2. Оқушылар мектептегі тәртіпті сақтау бойынша өз міндеттін атқаратын кезекші мұғалімдерінің, мектеп бойынша кезекшілерінің және мектеп қызыметкерлерінің талаптарына бағынуы тиіс (кезекшілік ережесін карау).

3. Жарапатқа және мұлікті бұзуға әкелетін, сонымен қатар басқаларға демалуға бөгет жасайтын әрекеттер жасауға болмайды.

4. Оқушы үзіліс кезінде өз жұмыс орнын тазалап, сынныптан шығып кетуі тиіс.

5. Сынып бойынша кезекші мұғалімге келесі сабаққа кабинетті дайындаиды.

6. Оқушыларға үзіліс кезінде баспалдактар мен қабаттарда жүгіруге болмайды; еденде және терезе алды тақтайына отыруға болмайды.

Оқушылардың оқу құжаттары

1. Әрбір оқушы сабак кестесіне сәйкес сабаққа қажетті заттарды алғып келуі тиіс, оқушы құнделігін мұғалім сұраған кезде міндетті түрде беруі тиіс.

2. Оқушы оқу аптасы аяқталған кезде ата-анасына қол қою үшін беруі тиіс.

3. Құнделікке жазылған қорытынды бағалары мен ескертулерін сол күні ата-анасына қол қоюға беруі тиіс.

4. Құнделіктегі жазылған бағаларды немесе ескертулерді өзгертіп, өшіруге, сонымен қатар одан беттерді жыртуға үзілді-кесілді болмайды.

Оқушыларға қойылған бағалар

Оқушылардың сабактағы тәртібі

1. Оқушылар міндettі түрде сабакқа үй тапсырмасын орында алыш келеді.
2. Мұғалім сыныпқа кірген уақытта оқушылар тұрып амандасады.
3. Мұғалім оқушыны жауап беруге шақырған кезде, ол тақта алдына шығып, баға қою үшін мұғалім алдына күнделігін беруі міндettі.
4. Мұғалім ғана орнынан тұрмай жауап беруге рұқсатын бере алады.
5. Оқушы жауап берген кезде қатты дауысын шығарып, түсінікті, асықпай, өз ойын дұрыс жеткізуіне тырысуы қажет.
6. Сабак кезінде көшіру және сыйырлар айтуда болмайды, ол оку материалын дұрыс мемгеруіне бөгет болады.
7. Жауап беремін деген оқушылар қолын көтерулері міндettі. Басқа қылықтармен өзіне назар аудартуға болмайды.
8. Оқушылар мұғалімнің түсіндіргенін және жолдастарының жауаптарын мұқият тыңдал, шуламай, сойлемей, басқа нәрселермен айналыспай, бөгет жасамаулары тиіс.
9. Сабак барысын бұзған әрекет дөрекі тәртіп бұзушылыққа жатады. Оған кінәлілер мектеп әкімшілігі тараپынан тәртіптік жазаға ұшырайды.
10. Өз әректімен сабакқа бөгет жасайтын оқушыны мұғалім сәйкесінше жұмыс өткізу үшін кезекші әкімшігінә жібереді. Мектеп әкімшілігіне міндettі түрде барулады тиіс.
11. Оқушылар мұғалім ескерту жасағанда уақытылы және тәнік әсер етуі қажет.
12. Сабактан өз еркімен кетуге тыбым салынған. Сыныптан шығуға тек қана мұғалім рұқсат береді алады, оның өзі сабак басталғаннан кейін 20 минут өткен соң, бірақ қонырауға бес минут қалғанда емес.
13. Оқушылар белгіленген кабинеттерде Еңбек қорғау ережелерін біліп, сақтаулары тиіс.
14. Оқушылар тапсырмаларды күнделіктеріне толық әрі түсінікті етіп жазуулары тиіс.
15. Өз деңсаулығын сақтау мақсатында партадағы өзінің отырысына, бас еңкішіне назар аударуы тиіс.
16. Ауыздағы сағыз – дөрекі әдептің белгісі, сабак кезінде оны қолдануға болмайды.
17. Сабак аяқталғаны туралы қонырау мұғалім үшін арналған. Тек мұғалім ғана сабактың аяқталуы жайында хабарлап, сыныптан кетуге рұқсат бере алады. Сыныптан кеткен кезде өзінен кейін оку орнын ретіне келтіреді.

Оқушылардың қоныраудағы тәртібі

1. Кабинетті желдету үшін оқушылар үзіліс кезінде дәлізге шығулары тиіс.
2. Оқушылар мектептегі тәртіпті сақтау бойынша өз міндettін атқаратын кезекші мұғалімдерінің, мектеп бойынша кезекшілерінің және мектеп қызыметкерлерінің талаптарына бағынуы тиіс (кезекшілік ережесін қаралу).
3. Жаракатқа және мұлікті бұзұға әкелетін, сонымен қатар басқаларға демалуға бөгет жасайтын әрекеттер жасауға болмайды.
4. Оқушы үзіліс кезінде өз жұмыс орнын тазалап, сыныптан шығып кетуі тиіс.
5. Сынып бойынша кезекші мұғалімге келесі сабакқа кабинетті дайындауды.
6. Оқушыларға үзіліс кезінде баспалдақтар мен қабаттарда жүгіруге болмайды; еденде және терезе алды тақтайына отыруға болмайды.

Оқушылардың оқу құжаттары

1. Әрбір оқушы сабак кестесіне сәйкес сабакқа қажетті заттарды алыш келуі тиіс, оқушы күнделігін мұғалім сұраған кезде міндettі түрде беруі тиіс.
2. Оқушы оқу аптасы аяқталған кезде ата-анасына қол қою үшін беруі тиіс.
3. Күнделікке жазылған қорытынды бағалары мен ескертулерін сол күні ата-анасына қол қоюға беруі тиіс.
4. Күнделіктегі жазылған бағаларды немесе ескертулерді өзгертуіп, өшіруге, сонымен қатар одан беттерді жыртуға үзілді-кесілді болмайды.

Оқушыларға қойылған бағалар

- Мұғалім өткен бағдарлама материалдарымен қарастырылған оку түрі жұмысына баға койып, сол күні окушыға оны жеткізеді
- Берілген пән үшін окушының білім баға критерийі бағдарламамен анықталады.
- Белгіленген мерзімде орындалмаған жұмысты «қанағаттандырылмаған» деп есептелуіне болады
- Баға нәтижесі ағымдағы кемінде үш баға негізінде қойылады.

Оқушыларға тыйым салынады:

- Арак-шарапты, темекіні, наркотикалық және токсикалық заттарды қолданып, әкелуге
- Әртке әкелетін кез келген заттарды қолдануға
- Қарым-қатынасты шешу үшін немесе бопсалау үшін дene күшін қолдануға, бір-бірін итеруге, заттарды лактыруға, шулауга.
- Өз өмірі мен денсаулығына және өзгелерге қауіпті әрекеттерді жасауға
- Басқа оқушыларға және мектеп қызметкерлеріне әдепсіз, дөрекі сөздерді айтуға
- Сабакқа қатысы жоқ нәрсelerді әкелуге
- Мектепке шемішке әкелуге
- Мектепке сірінке, оттық, тесетін және кесетін заттарды, газ баллондарын, мылтықты (соның ішінде газды, пневматикалық, имитациялық), ойын карталарын әкелуге
- Өзіне, денсаулығы мен өміріне зиян келтіретіндей және мектеп мүлкіне зияна тиіп кететін әрекеттер жасауға.
- Жиһаздар мен қабыргаға жазуға, мектеп жиһазын, кабинет жабдықтарын және басқа да мектеп мүлкін бұлдіруге, тырнауға болмайды.
- Мектепке тиесілі кітаптар мен құралдарға жазуға, кітап бетін жыртуға.
- Мектеп терриориясында және мекемеде қоқыс тастауға болмайды, қоқысты тек қоқыс тастауға арналған жерге тастау қажет.
- Сабак кезінде ұялы телефондарды, плеерлер, электрондық ойындар және т.с.с. қолдануға.
- Оқу сабактары кезінде мектеп дәлізінде болуға
- Ойынға арналмаған жерлерде, баспалдақтарда жүгіруге.
- Оқушылар жүрген жerde кептелеіс жасауға.
- Мектептен немесе сабактан сұранбай кетуге.
- Мұғалімнің рұқсатынсыз кабинеттерден кілтті алу, сыныптарда жабылып, өз бетінше әйнектерді ашуға.

Оқушылардың тәртібіне жалпы талаптар

- Мектеп оқушылары үлкендерге сыйластықпен қарау қажет, педагогтарға «сіз» деп және толық аты мен әкесінің атын атауға міндettі.
- Оқушылар үлкендерге, үлкен оқушылар кішілерге, үлдар қыздарға жол берулері тиіс.
- Оқушылар мектептен тыс өзін дұрыс ұстап, мектеп атына кір келтірмеулері қажет.
- Мектеп оқушылары сөйлеу мәдениетіне назар аударып, ана тілі тазалағын сақтаулары қажет.
- Оқушылар мектеп мүлкін ұқыпты ұстап, өзінің мүлкімен қоса, өзгенің де мүлкіне ұқыптылықпен қараулары тиіс.
- Оқушылар есіктерді қатты жаптай, ойнамай, ұқыпты қараулары жөн.
- Оқушылар Өрт қауіпсіздігі ережелерін қатан түрде сактаулары міндettі.
- Мектеп бойынша кезекшілерге немесе мектеп қызметкерлері ескертулеріне дұрыс жауап беру керек, мектеп бойынша кезекші немесе мұғалімнің бірінші талабы бойынша тегі мен оқытын сыныбын айтулары қажет.
- Үлкендермен сойлескен кезде дөрекі мінезд-құлық танытпай, қолын қалтада ұстамай, дұрыс сойлеуі қажет.
- Оқушылар мектеп мүлкін бұзғанға жауапты (соның ішінде ата-аналар арқылы материалдық жауапкершілікке тартылады)

Тәртіптік бұзушылықтар

Тәртіптік бұзушылықтар деп мектепте оқушылар Тәртіп ережелерін бұзу әрекеті есептеледі. Тәртіптің дөрекі бұзушылықтары деп ауыр жағдайға әкеліп соғатын нәтижесі есептеледі, олар: - оқушылардың, қызметкерлердің немесе мектепке келген адамдардың өмірі мен денсаулығына зиян келген жағдайда;

- мектеп, окушы, кызметкерлер және мектепке келген адамдардың мүлкіне зиян тигізген жағдайда;
- оқу үрдісін үзген жағдайда, мектеп жұмысының білім мекемесі ретінде шырқын бұзған жағдайда.

Ә.Жангелдин атындағы орта мектеп

**«Ерте бастан жүктілік»
(қыздар жиналысы)**

Мұғалжар

Атырау қаласы, 2023 жыл

Ә.Жангелдин атындағы орта мектебінде өткізілген кездесудің

Хаттамасы

Атырау қаласы, 12 қыркүйек 2023ж

Откізілген орны: Ә.Жангелдин атындағы орта мектебі, физика кабинеті

Қатысушылар: 9-10-11 сынып

№4 Қалалық емхананың акушеркасы Бекмухамбетова Альфия және
психологы Мұрынова Зульфия, мектеп психологтары Исмагулова
Айгүл, Махмутова Самал, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары
Түрланова Сәулеш, педагог, үйымдастырушы, тәлімгер, мектеп медбикелері
Нугурова Айнагүл, Ғалымжанова Самал.

Қатысушылар саны: 72

Тақырыбы: «Ерте бастан жүктілік»

Жиналыстың мақсаты: Ерте жүктіліктің алдын алу мәселесін түсіндіру
және қызыбалалардың бойындағы ұлттық дәстүрімізге сай
әдептілік, инабаттылық, ептілік, кішіпейілдік т.б жан-жақты ұлттық
қасиеттерін таныту.

Күн тәртібі

- 1. «Ерте бастан жүктіліктің» алдын алу**
- 2. Ағымдағы мәселелер**

Тындалды:

1. С. Турланова-директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары.

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары жиналысты
ашып, жиналыстың күн тәртібімен таныстырыды. Қазіргі уақытта көптеген
келенсіз жағдайлар болып жатқанын білесіздер. Соған байланысты әр адам
сақ болған жөн. Қоғамдық жерлерде өздерінді тәртіпті, әдепті ұстандар. Осы

мәселелердің орын алмауын алға тарта отырып, күн тәртібіндегі мәселе қылышты.

2. №4 Қалалық емхананың акушеркасы -Бекмухамбетова Альфия

Атырау облысының №4 қалалық емханасының акушері Бекмухамбетова Альфия және психологы Мұрынова Зульфия, мектеп психологтары Исмагулова Айгүл, Махмутова Самал қызы балаларға дәріс оқыды. Дәрігердің түсіндіруінше, қызы балалардың дене мүшелері 18 жасқа дейін қалыптасып, өседі. Ағза толық жетілмеген кезде жыныстық қатынасқа тусу де, жүкті болып қалып, босануы да өте ауыр болады, денсаулығына зиянын түсіреді. Ерте жүкті болып қалған қыздарда жиі кездесетін аурулар: аяқтың күп болып ісінуі, қан қысымының көтерілуі, ашуланғыштық, жүйке күйзелісі, үйқысыздық пайда болады. Дәрігер-акушеркіге қызы балалар тараапынан сұрақтар қойылып, өз жауаптарын алды.

Жасөспірім қыздар ең алғаш рет қандай жағдайда жыныстық қатынасқа түседі, оған не себеп болады, деген сауалға дәрігерлер мен психологтар мынадай жауап қайтарды. Жасөспірімдердің алғашқы жыныстық қатынасқа түсіune олардың анатомиялық-физиологиялық ерекшеліктері де, отбасындағы, мектептегі тәрбиесінің нашарлығы да, өмір суретін өңірі, ортасындағы жағдай да, өзінің жыныстық қатынасқа ерте құмартқан белсенделілігі де, теледидар, кинотеатрлардан порнографиялық фильмдерді жиі көруі де себеп болады.

Сонымен қатар өзіміздің мектеп психологтары қызы балаларға “Өз ойынды жалғастыр” атты сауалнамаларын жүргізіп, оқушылардың ой-пікірі, даму қабілеттері қандай екендігі анықталды.

Жиналыстың хатшысы:  С.Махмутова